

Хаттама № 1

11.10.2024ж

2024-2025 оқу жылында мектепте құрылған қамқоршылық кеңес
мүшелерінің жиналысы өтті.

Қатысқандар: Кеңес мүшелері.

Мектеп басшысы: К.М. Батырова

ТЖО: С. Мусрепова

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасын сайлау.
2. Қамқоршылық кеңес құрамындағы мүшелерінің басқа жұмысқа ауысуына және денсаулығына байланысты ауысқан мүшелердің орнына жаңа құрам сайлау.
3. Кеңестің жұмысын жандандыру мақсатында алдағы уақытта жасалатын жұмыстармен таныстыру.
4. Жаңа оқу жылына жоспар жасақтау.

Тыңдалды: Мектеп директоры-жиналысқа қатысушыларға кеңестің мақсаты мен міндеттері туралы айтып өтті. Қамқоршылық кеңестің мақсаты: білім беру ұйымына қолдау көрсету, қаржылық және материалдық-техникалық базасының нығайтуына көмектесу, және де жұмысына қоғамдық бақылау жүргізу керектігі айтылды. Аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушылардың тұрмыс жағдайларымен танысу. Білім беру ұйымындағы қызметтің кемшіліктерін жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу, білім беру ұйымының басшысының кеңес мүшелері алдындағы есебін тыңдап қабылдау керектігі айтылды.

Сөйлеушілер: ТЖО: С. Мусрепова сөйлеп, кеңес мүшелері мектептің жалпы ата-аналар жиналысында сайланғандығын, кеңес құрамына жергілікті атқарушы және жеке кәсіпкерлер мен ата-аналар бар екенін айтып өтті. Бүгінгі жиналыстың мақсаты осы кеңес мүшелерінің ішінен кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау.

Жарасов А: Кеңестің төрағасын сайлау үшін мектеппен үнемі тығыз байланыс жасайтын, жауапкершілігі, бос уақыты бар кісі болу керектігін айтты. Және кеңес төрағасы қылып Алдаберген Каменовты болуына ұсыныс жасады. Жиналысты аяқтай келе мектеп директоры К. Батырова кеңес құрамының жұмысын бастауына сәттілік тілеп, кеңес мүшелерінің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, демеушілердің мектептің материалдық базасының нығайтуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

Адилов О – Мен кеңес құрамын 7 мүшесімен қалдыруға толық келісемін және де кеңес мүшелерінің мектеппен үнемі тығыз байланыста болуына, демеушілердің мектептің материалдық базасының нығайтуына өз үлестерін қосатынына сенім білдірді.

О.Адилов-Ардагерлер кеңесінің мүшесі.

А.Каменов-Ақсақалдар алқасының төрағасы

Р.Таумұрынов ФОҚД.

Медеуов ККС мекемесі

А.Жарасов СКА Узен Строй Сервис

Е.Ғаннев-ЛТД Қызылсай

И.Сатыбаев-ӨМГӨБ-4

Шешім:

- 1.Қамқоршылық кеңес мүшелері жоғарыдағы құрамда сайлансын.
- 2.Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Алдаберген Каменов сайлансын.
- 3.Қамқоршылық кеңестің жұмысын жандандыру, қайырымдылық жұмыстарын жүргізу алға қойылсын.
- 4.Мектептің материалдық базасының нығайтуына үлес қосу, кеңестің жұмысына бақылау жүргізу кеңес мүшелеріне жүктелсін.



Жиналыс төрағасы

К.М.Батырова

Хатшы

С.С.Мусрепова

